

Қарағанды облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2016 жылға арналған төлемақы ставкалары туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2016 жылғы 28 сәуірдегі II сессиясының № 31 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 тамызда № 3800 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5-тармағына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 487-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 38 бабының 5) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қоса беріліп отырған Қарағанды облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары бекітілсін.

2. Қарағанды облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы XL сессиясының "Қарағанды облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" № 458 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3613 болып тіркелген, 2016 жылғы 16 қаңтардағы № 9-10 (22115) "Орталық Қазақстан" және 2016 жылғы 16 қаңтардағы № 5 (21950) "Индустриальная Караганда" газеттерінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 19 қаңтарда жарияланған), күші жойылған деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (Ш.А. Осин) және облыс әкімінің орынбасарына (Ш.Қ. Мамалинов) жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Облыстық мәслихат хатшысы*

*С. Әдеkenов
Р. Әбдікерев*

Қарағанды облыстық мәслихатының
II сессиясының 2016 жылғы
28 сәуірдегі №31 шешімімен
бекітілген

Қарағанды облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2016 жылға арналған төлемақы ставкалары

№ р /р	Арнаулы су пайдалану түрі	Өлшеу бірлігі	Базалықставка, теңге	Инфляция коэффициенті 2009-2015 жыл	2016 жылға төлемақы ставкалары, теңге
I Балкаш және Алакөл көлдері мен өзендерінің бассейні					
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	58	1,666	96,63
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	160	1,666	266,56
3	Ауыл шаруашылығы (төмендеткіш коэффициентті есепке ала отырып – 0,5)	теңге/1000 тек.м	46	1,666	38,32
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	44	1,666	73,30
5	Су энергетикасы	теңге/1000 кВт.сағ.	17	1,666	28,32
6	Су көлігі	теңге/1000т. км	5	1,666	8,33
II Ертіс өзенінің бассейні					
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	63	1,666	104,96
2	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	181	1,666	301,55
3	Ауыл шаруашылығы (төмендеткіш коэффициентті есепке ала отырып – 0,5)	теңге/1000 тек.м	51	1,666	42,48
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	51	1,666	84,97
5	Су энергетикасы	теңге/1000 кВт.сағ.	19	1,666	31,65
6	Су көлігі	теңге/1000т. км	7	1,666	11,66
III Есіл өзенінің бассейні					
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	61	1,666	101,63
2	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	169	1,666	281,55
3	Ауыл шаруашылығы (төмендеткіш коэффициентті есепке ала отырып – 0,5)	теңге/1000 тек.м	48	1,666	39,98
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	48	1,666	79,97
5	Су энергетикасы	теңге/1000 кВт.сағ.	17	1,666	28,32
6	Су көлігі	теңге/1000т. км	5	1,666	8,33
IV Нұра, Сарысу, Кеңгір өзендердің бассейні					
	Тұрғын-үй пайдалану және	теңге/1000			

1	коммуналдық қызметтер	тек.м	68	1,666	113,29
2	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	194	1,666	323,20
3	Ауыл шаруашылығы (төмендеткіш коэффициентті есепке ала отырып – 0,5)	теңге/1000 тек.м	56	1,666	46,65
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	53	1,666	88,30
5	Су энергетикасы	теңге/1000 кВт.сағ.	–	1,666	-
6	Су көлігі	теңге/1000т. км	–	1,666	-
V	Торғай, Тобыл, Ырғыз өзендерінің бассейні				
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	61	1,666	101,63
2	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	174	1,666	289,88
3	Ауыл шаруашылығы (төмендеткіш коэффициентті есепке ала отырып – 0,5)	теңге/1000 тек.м	48	1,666	39,98
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	48	1,666	79,97
6	Су энергетикасы	теңге/1000 кВт.сағ.	–	1,666	-
7	Су көлігі	теңге/1000т. км	–	1,666	-